

Байғанин аудандық мәслихатының 2019 жылғы 30 желтоқсандағы № 293 "2020-2022 жылдарға арналған Қызылбұлақ ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Мерзімі біткен

Ақтөбе облысы Байғанин аудандық мәслихатының 2020 жылғы 18 мамырдағы № 341 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 20 мамырда № 7115 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет Кодексінің 109-1 бабының 4 тармағына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына сәйкес, Байғанин аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Байғанин аудандық мәслихатының 2019 жылғы 30 желтоқсандағы № 293 "2020-2022 жылдарға арналған Қызылбұлақ ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 6689 санымен тіркелген, 2020 жылғы 20 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешіміне келесідей өзгерістер енгізілсін:

1 тармақта:

1) тармақшасында:

салықтық түсімдер - "2 681" сандары "2 407,0" сандарымен ауыстырылсын;
трансферттер түсімі - "81 725" сандары "81 999,0" сандарымен ауыстырылсын.

2. Көрсетілген шешімнің 1 қосымшасы осы шешімдегі қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалсын.

3. "Байғанин аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді оны ресми жариялағаннан кейін Байғанин аудандық мәслихатының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Байғанин аудандық
мәслихатының сессия төрағасы*

Г. Елеуова

*Байғанин аудандық
мәслихатының хатшысы*

Б. Турлыбаев

2020 жылғы 18 мамыры № 341
Байғанин аудандық мәслихатның
шешіміне қосымша

2020 жылға арналған Қызылбұлақ ауылдық округінің бюджеті

Санаты				Сомасы (мың теңге)
	Сыныбы		Атауы	
		Ішкі сыныбы		
			I. КІРІСТЕР	84 406,0
1			Салықтық түсімдер	2 407,0
	04		Меншікке салынатын салықтар	2 407,0
		1	Мүлікке салынатын салықтар	18,0
		3	Жер салығы	120,0
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	2 269,0
4			Трансферттердің түсімдері	81 999,0
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	81 999,0
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	81 999,0

Функционалдық топ				Сомасы (мың теңге)
	Кіші функция		Атауы	
		Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі		
			II. ШЫҒЫНДАР	84 407,9
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	32 888,0
			Мемлекеттік басқарудың жалпы	

	1			функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	32 888,0
		124		Аудандық маңызы бар қала , ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	32 888,0
			001	Аудандық маңызы бар қала , ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	32 888,0
04				Білім беру	45 994,0
	1			Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	45 994,0
		124		Аудандық маңызы бар қала , ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	45 994,0
			041	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	45 994,0
07				Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	3 349,0
	3			Елді-мекендерді көркейту	3 349,0
		124		Аудандық маңызы бар қала , ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	3 349,0
				Е л д і мекендердегі	

			008	көшелерді жарықтандыру	1 785,0
			009	Е л д і мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	815,0
			011	Елді мекендерді абаттандыру м е н көгалдандыру	749,0
13				Басқалар	2 175,0
	9			Басқалар	2 175,0
		124		Аудандық маңызы бар қала , ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	2 175,0
			040	Өңірлерді дамытудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыруға ауылдық елді мекендерді жайластыруды шешуге арналған іс-шараларды іске асыру	2 175,0
15				Трансферттер	1,9
	1			Трансферттер	1,9
		124		Аудандық маңызы бар қала , ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	1,9
			048	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	1,9

				III. ТАЗА БЮДЖЕТТІК КРЕДИТ БЕРУ	0,0
				IV. Қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо	0,0
				V. Бюджет тапшылығы профициті)	(-1,9
				VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру профицитін пайдалану)	(1,9

Санаты				Сомасы (мың теңге)
	Сыныбы		Атауы	
		Ішкі сыныбы		
8			Бюджет қаражаттарының пайдаланылатын қалдықтары	1,9
	01		Бюджет қаражаты қалдықтары	1,9
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	1,9